

"Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 7 желтоқсандағы № 815 қаулысы.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 8-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Елжан Амантайұлы Біртановты "Ұлттық ғылыми кардиохирургиялық орталық" акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің құрамына сайлауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев